ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 18 сәуір №7119-24-00-2/3770 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Жеке кәсіпкер «Боранбаев» Боранбаев Талгат Нурланович
2. «Kaz belt center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 05 ақпанда Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен ЖК «Боранбаев» (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-01-29 № 11437089-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/121 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/121 тауар-муфта (ПЭ фланецті муфта DN560 (4 дана), (ПЭ фланецті муфта DN450 (6 дана), саны 10 дана, сомасы 4 128 000 теңге. Жеткізу мерзімі-шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн (20.02.2024 ж. дейін). Тауар жеткізілмен жоқ. Шарт 06.03.2024 жылы бұзылды.

2024 жылғы 06 ақпанда Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Kaz belt center» ЖШС (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 16.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Абенова А. Ч., 20.06.2024

желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-02-02 № 11495436-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/147 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/147 тауар – жең (резеңке, металл спиральмен), жалпы сомасы 808 640 теңгеге 100 метр мөлшерінде. Жеткізу мерзімі-Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн. Өтінім 07.02.2024 жылғы веб-портал арқылы жіберілді (22.02.2024 ж. дейін). Тауар жеткізілмен жоқ. Шарт 11.03.2024 жылы бұзылды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық олшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

ЖК және ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз шарт талаптарын орындамау болып табылады.

«Боранбаев» ЖК жеткізу мерзімі 2024 жылғы 20 ақпанда аяқталды. Азаматтық істі сотта қарағанға дейін тауар жеткізілмеген. Шарт тараптар арасында біржақты бұзылған. Шарттың бұзылуы дауланбаған, бұл «Боранбаев» ЖК тауар жеткізбегенін дәлелдейді. Жауапкердің уәждерін дәлелдейтін дәлелдер сотқа ұсынылмаған.

Сондай-ақ, «Kaz belt center» ЖШС шартпен бектілген мерзім 2024 жылғы 22 ақпанға дейін тауар жеткізілмеген. Шарт тараптар арасында біржақты бұзылған, шарттың бұзылуы дауланбаған. Тауарды жеткізу туралы дәлелдер ЖШС сотқа ұсынбаған.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 16.05.2024
Заңды күшіне енген күн: 17.06.2024, судья Абенова А. Ч., 20.06.2024
7119-24-3-1/3298

Аталған мән-жайларда талап қоюшының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді болып қанағаттандыруға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Боранбаев» Боранбаев Талгат Нурлановичті, «Kaz belt center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - канағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Боранбаев» Боранбаев Талгат Нурланович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын

«Kaz belt center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Жеке кәсіпкер «Боранбаев» Боранбаев Талгат Нурлановичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Kaz belt center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 16.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Абенова А. Ч., 20.06.2024
7119-24-3-1/3298

7119-24-3-1/3298

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 16.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Абенова А. Ч., 20.06.2024